

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ  
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Адастана

## Ақшамы

### 25 ЖЫЛ

ОҚЫРМАН  
ОЛЖАЛАҒАН

## Елімізде жылқы институтын ашу қажет

Астана ақшамы. 21 сәуір 2009 ж.

Қазақ халқы жылқы түлігін «Ер қанаты – ат» деп әспеттеген.

Жүздеген ғасырларға созылған көшпенді өмір салтының негізгі діңгегі мал шаруашылығы десек, соның ішінде жылқы түлігінің маңызы ерекше.

Азияның апайтөс даласын дүбірлеткен тұлпарлардың тұяғы мүлгіп жатқан Еуропаны ұйқысынан оятты. Адамзат баласы үшін жылқы – қарым-қатынас, хабар алмасу һәм әскери стратегиялық құндылықтардың дамуына үлкен әсер берді.

Осы орайда, қазақ тарихында аты аңызға айналған Құлагерге арнайы ескерткіш тұрғызып, қазақтың төл түлігі – қазанаттың тарихын зерттеп жүрген жазушы-журналист, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, атбегі Сәдібек Түгел мырзамен жүргізген сұхбатты ұсынып отырмыз.

### Құлагердің қайғысы

– Сәдібек мырза, дүниені дағдарыс дүрмегі шырмап, аяққа тартса, басқа жетпей жатқан заманда сіз Құлагерге ескерткіш тұрғызамын деп алаөкпе болып жүрсіз. Шамаңыз жете ме?

– «Дағдарыс, дағдарыс...» деп қол қусырып отыра берсек, біреу бізге бірдеңесін бөліп бере ме? Ешкім ештеңе бермейді. Сондықтан өзіміз қимылдауымыз қажет. Атам қазақ айтады: «Біреудің жоғын екінші біреу өлең айтып жүріп іздейді» деп. Құлагер идеясы – елдің, халықтың басын біріктіреді. Сол үшін қажет...

– Құлагер ескерткішін тұрғызу идеясы қалай пайда болып жүр?

– Қазақ халқының тарихында Ақан сері мен оның атақты тұлпары Құлагердің орны ерекше. Олардың тағдыры трагедияға толы. 1876 жылы күзде паң Нұрмағамбеттің әкесі Сағынайдың асында Құлагерге тарихта бұрын-соңды болмаған қастандық жасалды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған Құлагеріміз қанішерлердің қолынан Ерейментау жеріндегі Қусақ көлінің маңында мерт болды.

Қазақтың маңдайына біткен осы тұлпардың бейнесін халықтың жадынан өшірмеу үшін 1989 жылы Ерейментау қаласы мен Еркіншілік стансасының дәл ортасына, биік дөңеске Құлагерге арналған ескерткіш орнады. Оған мұрындық болған азамат, ұлты – неміс, Еркіншілік кеңшарының директоры А.Ример дейтін адам.

Мүсін ерекше шеберлікпен жасалып, мыстан құйылған. Жаңадан үйленген жас жұбайлар келіп, тағзым ететін дәстүр қалыптасқан. Мектеп оқушылары арнайы саяхат ұйымдастырып, өлкетану туралы мағлұмат алатын болған. Осы мүсінді 1996 жылдың жазында белгісіз біреулер бұзып, қиратып, бір жаққа алып кеткен. Шамасы, металл ретінде темір қабылдайтын орынға өткізіп жібергенге ұқсайды. Содан бері 12 жыл өтті. Құлагердің орны үңірейіп бос тұр. Ұрылар әлі ұсталған жоқ.

Осы келеңсіз жәйт Құлагерді құрметтейтін, ұлттық спортты, ұлттық өнерді бағалайтын азаматтардың ренішін тудырып, жанымызға ызғардай батып, шаншудай қадалып, намысқа тиіп отыр. Мысалы, мүсіннің тоналғанын естіп, сенер-сенбесін білмей, өз көзімен көруге Шығыс Қазақстаннан Сатый есімді азамат келді. Өзі Ильяс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын жатқа айтатын, жылқы десе ішкен асын жерге қоятын белгілі атбегі азамат. Бұл 1996 жылдың ақпан айы болатын. Содан орны үңірейіп, кергіш темірі алқам-салқам болған мүсіннің сипатын көрген Сакең өкіріп жылады. Есіл азаматтың сол жерде жүрегі ұстап қалды.

– Даңқты тұлпар Құлагерге жанадан ескерткіш орнатамыз дейсіздер, оны сол баяғы ұрланған жеріне апарып тағы да қоймақшысыздар ма?

– Бұл жолы олай болмайды. Құлагер ескерткіші «Астана-Көкшетау» трассасының бойында, МАИ бекетінен тура 5 шақырым жердегі алаңда салынады.

– Бұл жерді неге таңдадыңыздар?

– Біріншіден, Құлагер образы – Ұлы Даланың символы. Екіншіден, Ақан сері мен Құлагердің туған өлкесі – осы Сарыарқа. Үшіншіден, «Астана-Көкшетау» – жәй ғана қатардағы жол емес, оның стратегиялық маңызы зор. Бүгінгі таңда туризмге басты көңіл бөлінуде. Ал Бурабай – қазіргі туризмнің көзі. Сол себепті, Құлагердің мүсіні Бурабайға бара жатқан саяхатшылардың көзіне түседі. Әлемдік тәжірибеде жол бойына осындай ескерткіштер орнату мәселесі әлдеқашан шешілген. Төртіншіден, ескерткіш орналасқан жерге болашақта «Құлагер-Аламан» атты атжарыстарын өткізуге болады.

Бесіншіден, бұл жерде болашақта Ұлы Даламыздың құндылықтарына арнап музей ашуға да мүмкіндік қарастырылған. Алтыншыдан, ескерткіштің қойылатын орны ұлт зиялыларының, ғалымдардың, жазушылардың, өлкетанушылардың ұсыныстары бойынша реттеліп отыр.

– Арнайы қор құрып, есеп-шотын аштыңыздар ма?

– «Құлагер ескерткіші» атты қор ашылды. Есеп-шоты бар. Кімде-кім қол ұшын созып, қаражатпен көмектесем десе, біз ризашылықпен қарсы аламыз.

– Көмек көрсетіп жатқандар бар ма?

– Бар. Олар: Кеңес Рақышев, Төкен Егінбаев, Альберт Рау, Талғат Ермигияев және тағы басқалар...

– Ескерткіш қай кезде тұрғызылады?

– Құдай қаласа, биыл Астана күні, 6 шілдеде бітірсек деп жоспарлап отырмыз.

Қазанатым қайда екен?..

– Бұрын қазақта қазанат тұқымды тұлпарлар болған. Ол туралы эпостық жырларда көп айтылады. Сіз қазақтың осы жылқысын зерттеумен айналысып жүрсіз, бұл тақырыпта не айтасыз?

– Бұл сұраққа жауап бермес бұрын, мен ең әуелі қазақтың қазанатын іздеуіме не түрткі болды, сол туралы айтайын. Қазанат деген сөзді ең алғаш 1960 жылдары 5 жасымда әкемнің аузынан естідім. Әкем – белгілі жылқышы еді.

Өзінің көрген-білгенін, ойға түйгенін қалаған кірпіштей етіп, жүйелеп айтып отыратын көреген кісі еді. «Мынау қазақтың ұлан-ғайыр даласын біздің батыр бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен ғана қорғады десендер қателесесіңдер. Ат – ердің қанаты. Яғни, азаматтың ары мен намысын қолдан бермейтін қазақтың қазанаттары болған. Қазір сол аттар көзден бұл-бұл ұшып, тұқымы құрып барады. Қазақ – қазанатқа қарыздар» деген еді.

Бала кезімде «Астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп...», «көлденең жатқан көк тасты тіктеп тиген тұяғы саз балшықтай илеген...» тұлпар түлігін елестететінмін. Сәби қиялмен бір күні қазанатты тауып алып, ерттеп мінсем деген арман пайда болды. Есейе келе, бұл азаматтық позицияға ауысты. Ал енді сұрағыңа келсек, қазақтың қазанаты қаламызда әлі де бар. Оған біздің талай бәйге кезінде көзіміз жетті. Атақты Адай жылқысын, Қостанай жылқыларын, қалайша қазанат дей алмаймыз. Біле білсеңіз, қазір әлемге танымал ағылшын жылқыларында қазанаттың қаны бар. Ағылшындар ертеде асыл тұқымды арғымақтарды біздің сайын даладан алып кеткен. Олардың ұтқаны сол – қазанаттың ұрпағын көбейтіп, асылдандыра білді. Соның арқасында олар әлемге танылды. Қазір әлемде жылқының 200-ден астам асыл тұқымы бар. Олар: ағылшын, араб, америка, ганновер, орыс жылқысы, т.б. деп кете береді. Біздің қазанатымыз бұлардың бәрінен артық болмаса, кем емес. Өйткені, қазақ қазанатының бойында төзімділік, жүйріктік және маңғаздық бар. Бұл жағынан келгенде, қазанат қазақ халқының мінезіне, болмысына бейім. Ата-бабаларымыз өздерін «жылқы тектес халықпыз» деп бекер айтпаған.

– Бірнеше жыл бұрын «Қазанат тұқымы толық жойылып кетті» деген сыңайлы пікір айтып едіңіз...

– Қазанат тұқымы қазір жаппай қолданыста жоқ. Бұрын болған. Қазақ даласында 1930 жылға дейін 60 миллионнан астам мал болған екен. Тек жылқының өзі 4 миллионнан асқан. Бұл сол тұстағы 6 млн халыққа жетіп жатыр деген сөз. Одан кейін Голощекин Қазақстанда «кіші октябрь» жасаймын деп, қазақтардың қолынан жылқысын тартып алды. Сондағы ойлап тапқаны «маңқа ауруы» еді. Сау малға маңқа тиді деп, жылқыны қынадай қырған.

Алапат жылқы қырғыны болған жер – Ақмола облысы, Егіндікөл ауданына қарасты Жалманқұлақ ауылы. Ауыл іргесінде «Жылқы моласы» аталатын үлкен сай күні бүгінге дейін бар. Бірнеше жүз адам жабылып қазған терең орға 1931-32 жылдары қисапсыз көп жылқыны мылтықпен атып құлатқан. Көнекөз қариялардың айтуынша, осы қазан шұңқырда бірнеше облыстың құйма тұяқтысының сүйегі жатқан көрінеді. Нәтижесінде, жоғарыдағы 4 млн жылқыдан 150-ақ мыңы аман қалған.

Ұлттық ойындардың ұлылығы

– Сәке, біздің ұлттық спорт ойындары негізінен, ат ойындары емес пе?

– Шынында, біздің ұлттық спорт түрлерінің 90 пайызы атқа қатысты

ойналады. Бұл саланың қиындығы да, қызығы да осында. Спортшы қандай шымыр, мықты болса, оның аламан бәйгеге немесе көкпарға қосатын аты да мықты, жарамды болуы шарт. Басқа спортта бапкер тек спортшыны дайындаса, ұлттық спортта бірнеше бапкер, біреуі спортшыны, енді біреуі атты баптайды. Мен білетін ұлттық ат спортының 15 түрі бар: аламан бәйге, тоқ бәйге, құнан бәйге, жорға жарыс, көкпар, аударыспақ, теңге алу, қыз қуу, тай жарыс, дөнен жарыс, қыз жарыс, жамбы ату, ат омыраулату, ат құлағында ойнайтын «ер жігіт ойындары», құсбегілік-саят өнері деген сияқты...

– Ат спорты ойындарының жанданған кезі соңғы жылдары ғана емес пе?

– Ат спорты ойындары өткен тоқсаныншы жылдардың басында қолға алынды. Оны көтерген Айып Құсайынов, Анатөлі Құлназаров, Сайлау Тұрыскелдин, Иманғали Тасмағамбетов, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Амалбек Тшанов, Серік Үмбетов сынды азаматтар. Соның арқасында еліміздің көптеген облыстарында ат спорты ойындары өте жиі өткізіле бастады. Сол тұста ұлттық өнерге сусап қалған қауымның тамашалағаны аса бір керемет болатын.

Өз басым сондай ірі жарыстардың бел ортасында жүрдім, бірталайын ұйымдастырдым. Осы мақсатпен 1994 жылы Шығыс Қазақстаннан Алматыға көшіп келдім. Сол уақыттарда белгілі адамдардың мерейтойларын өткізу дәстүрге айналды да, ат ойындары жанданды. Қайта түлеп жатқан ұлттық ойындардың белгілі жүйесі, бекітілген ережесі болмағандықтан, көптеген олқылықтар кетті. Аударыспақ, көкпар ойындарын өткізуге қарсылар да табылып, аяқтан шалушылықтар көп болды. Бұлай жүре берсе, ат спорты жастарды қызықтырудан қала ма деп қорықтық.

Белгілі бір жүйе, ережеге бағынбаған істің кетеуі кететінін түсініп, 1995 жылы Жастар ісі, туризм және спорт министріне хат жаздым. Хат абырой болғанда, министрліктің бөлім бастығы Елсияр Қанағатовтың қолына тиіпті. Біздерге сол тұста шын ниетімен көмек жасаған Елсияр мырзаға әлі күнге дейін алғысымыз шексіз. Қилан Нұртазинов, Кендебай Әбішев сынды бірқатар жігіттер тізе қосып, ақырында ұлттық ойындар Ережелерінің алғашқы нұсқасын жаздық. Бір жылдан кейін 1996 жылдың 1 наурызында Алматы қаласында тұңғыш рет Қазақ атбегілерінің Құрылтай конференциясы шақырылды. Бұл күн – Ұлттық Ат спорты түрлері федерациясы үшін тарихи дата болып есте қалды

1998 жылы ҚР Ұлттық Ат Спорты Федерациясының I съезін өткізіп, арнайы тіркеуден өттік. Нәтижесінде, ұлттық спорт заңды күшке ие болды.

Елімізде ұлтқа жаны ашитын азаматтардың арқасында біраз шаруаларды атқардық. Алғашында бір ғана Ұлттық Ат спорты Федерациясы болса, қазір бұл үлкен Ұлттық Спорт Қауымдастығына айналып, ол өз құрамына 17 республикалық федерацияны біріктірді. Мәселен: «Бәйге», «Бүркітшілер», «Жекпе-жек», «Тазы-төбет-алабай», «Көкпар», «Ер жігіт ойыны», «Алыпсоқ», «Тоғызқұмалақ», «Жорға жарыс», «Бес қару», «Түйе жарыс», «Сайыс-аударыспақ», т.б. федерациялары бар. Олардың өзінде облыстық, аудандық филиалдары бар. Қазірге дейін 57 республикалық жарыс өткіздік.

Республика бойынша 11 ұлттық спорт мектебі, 17 ат спортының клубтары мен орталықтары жұмыс істейді. Бұл – зор жетістік деп ойлаймын.

– Қайбір ағаларымыз «ұлттық спорт түрлерімен әлемдік аренаға шыға алмаймыз» деген күстаналаушылық әңгімелерін айтып жатады. Кейде дәйекті дәлелдер келтіргенде, шынымен де осы іс-әрекеттеріңіз бекер емес пе деген ой келеді...

– Ұлттық спортпен әлемдік аренаға шыға алмаймыз дегендер, ұлт деген ұғымнан мақұрым, орыстанып, еуропаланып кеткендердің бос далбасасы. Ат спорты арқылы бізді қазірдің өзінде қаншама ел таныды. Олар қазақ деген ұлттың ат құлағында ойнаған халық екенін мойындайды. Ұлттық спортты әлемге таныту арқылы біз қазақтың мәдениетін, салт-санасын, спортын, этнографиясын, тарихын танытамыз. Біздің спортшылар шетелге барғанда, жай ғана аттарын жетектеп бара салмайды. Ер-тұрманы, ұлттық киімі, жасау-жабдығымен барады. Оларды көрген шетелдіктердің талайы естерінен танды. Бір ғана қамшының өзі қаншама мәлімет береді. Ер-тұрман мен ат әбзелдері – нағыз қазақтың тарихы мен өнерін паш етеді. Ал күрес пен боксқа қатысатын спортшыдан осының қайсысын көре аласыз. Сондықтан, ұлттық спорт арқылы біз еліміздің, ұлтымыздың салт-санасын шетелге танытамыз. Ұлы дала мәдениетін паш етеміз.

Еуропаны мәшине, техника жасаудан басып-оза алмауымыз мүмкін, ал енді қазақтың қазанаты арқылы ұлттық спортын дамытсақ, онда күллі Батысты артта қалдырар едік.

– Шетелдерде өтетін дүбірлі додаларға қатысып жүрсіздер, нәтиже қандай?

– Ең алғаш рет 1996 жылы Венгрия Республикасы ұйымдастырған әлем шабандоздарының бірінші фестиваліне қатыстық. Әлем шабандоздарының тұңғыш фестивалінің бас жүлдесінен дәмелі 23 мемлекет ішінен қазақтың жүлдызы оңынан туды. Көкпар, қыз қуу, аударыспақ, теңге алу сынды төл ойын түрлері бойынша оқ бойы озып шықтық. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген еуропалықтар жапырылып құлады. Ақырында фестиваль төрешілері мен қазылар алқасы бас жүлдені біздің жігіттердің қанжығасына байлады. Бізге дейін мажарлықтар: «Бізді дүниеде ат үстінен аударып түсіретін ұл туған жоқ» деп мақтанып жүреді екен. Осы мажар жігіттерін біздің Қаһар Қиянтаев, Шадияр Шоқанов, Жаныс Саев сияқты жігіттеріміз қас-қағымда ат үстінен жұлып-жұлып алып, лақтырып жіберді. Венгрлік гусарлардың салмақтарының өзі 120-130 келі, бойлары екі метрден асады. Біздің жігіттер орта бойлы, әлгілердің иықтарына да жетпейді. Бірақ, әдіс-айла мен тақым мықты болғанда, салмақ пен күштің дәрменсіз болатынын сонда көрдік.

2001 жылы Халықаралық «Көкбөрі» Федерациясы құрылды, оған әлемнің 17 елі мүшелікке енді. Бұл біздің көкпарымыздың әлемдік сипатқа ие болуы деген сөз. Сол 17 мемлекеттің ішінде Жапон, Түркия, Қытай, Ресей, Венгрия сынды ірі мемлекеттер де бар.

– 2007 жылы Ұлыбританияға барған бүркітшілеріміз зор табысқа кенелді деп естідік. Сол туралы толығырақ айтып өтсеңіз...

– 2007 жылдың 14-15 шілдесінде Еуропаның төрі – Лондон қаласында біздің

бүркітшілер тарихи жеңіске қол жеткізді. 33 мемлекеттің ішінен суырылып алға шықты. Бұл еліміз үшін – үлкен абырой. Ұлыбританияға тұңғыш рет барлық жасауымен, оның ішінде сандық, қылыш, найза, ер-тоқым, алаша, текемет, қамшыдан тартып, сегіз қанат киіз үй апарған біздің жігіттер бүкіл фестивальге қатысушыларды таң қалдырды. Франция, Германия, Бельгия, Британия, Бразилия, Жапония, Қытай секілді мемлекеттер қатысқан бұл фестивальға 5000-дай адам жиналды. «Британ құсбегілері» ұйымының басшысы, халықаралық құсбегілер Федерациясының президенті Джим Чикпен кездесу өткіздік. Мәдени-спорт саласына қатысты екіжақты ынтымақтастық жасау мүмкіндіктері талқыланды. Біз апарған киіз үйді Біріккен Араб Әмірліктерінің Премьер-Министрінің орынбасары, БАӘ Құсбегілер клубының төрағасы Шейх Хамдан бин Заед Әл-Нахяанның өзі келіп тамашалады. Киіз үй Британия мұражайына табыс етілді.

Олқылықтар оздырмай тұр...

– Қандай істе болмасын әттеген-айлар мен олқылықтар кетіп жатады, ұлттық спорт түрлерін дамыту үшін алда қандай шешімін таппаған дүниелер бар?

– Ауқымды істер қиындықсыз, қателіксіз, олқылықсыз болмайды. Қанша жерден еуропалықтар алдында беделіміз үстем болып, оларды мойындатып жүрсек те, өз елімізде пұшайман күй кешетініміз бар. Оның үстіне ұсақ-түйектен үлкен проблемаға айналып кететін дүниелер де жетерлік. Мәселен, ұлттық спорт түрлерін өткізетін спорт кешендері, алаңдар, ипподромдар, арнаулы атшабарлар, сайыс өткізетін орындар аз. Бәрі жекеменшікке айналған. Олар көңілі қаласа беруі мүмкін, көңілі түспесе, ипподромның маңына жолатпайды. Ұлттық спорт кадрларын даярлау, іріктеу деген сияқты мәселелер де өте күрделі болып отыр.

– Сөзіңіз ауызыңызда, қазір елімізде жылқы түлігіне қызығушылық танытып жүрген қалталы азаматтар көбейіп, олар өзіңіз айтпақшы жеке ипподромдар салып, тіпті, жылқыларын асылдандыру үшін шетелге барып, асыл тұқым әкеліп жатыр. Бұлар сәндік үшін бе, әлде...

– Иә, қазір елімізде қалталы азаматтардың жылқы малына деген қызығушылығы тіпті ерекше. Мұның пайдасы өте көп, бірақ зияны да бар. Олардың жылқыға миллиондаған қаржы жұмсап, тұқымын асылдандыру жолындағы әрекеттерінен ешкім жапа шекпейді. Керісінше, біздің қолымыз жетпей жүрген жағдайларды жекелеген мырзалар атқарып жатса, оған қуанған дұрыс. Ал енді, зиянды жағына келсек, бұл үлкен бәсекелестікке ұласып бара жатыр. Бір-бірінен асып түспек пиғылдағы әрекеттер ішкі кекке, аяқтан шалушылыққа ұласып кете ме деп те қауіптенесің. Және қалтасында ақшасы бардың бәрі бірдей жылқы малынан, оның жан дүниесінен хабары бар деп айтуға келмейді. Бұл жерде абай болған дұрыс. Жылқы – өте киелі жануар. Малды асылдандырамын деп жүріп, опық жеуі де ғажап емес.

– Ұлттық спорттың қайнары ауылда. Сол себепті ауыл спорты мен ұлттық спортты жеке- дара бөліп қарауға болмайтын сияқты?

– Иә, бұл өте үлкен проблема. Ауылда – нағыз таланттар, болашақ

спортшылар, көкпаршылар, бүркітшілер өсіп келе жатыр. Тек оларға тиісті дәрежеде қолдау көрсетіліп, жағдай жасалып жатқан жоқ. Сондықтан, алдағы уақытта барлық облыс, аудандарда «Ұлттық спорт мектептерін ашсақ» деген үлкен арманымыз бар. Ол үшін маман төрешілер құрамын қалыптастыру керек. Ұлттық спорт түрлерінің ережелерін қайтадан қарап, сараптау да бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ең бастысы – Жылқы институтын ашу. Егер елімізде Жылқы институты ашылатын болса, ол жылқы шаруашылығы және ұлттық ат спорты түрлерімен түбегейлі ғылыми негізде шұғылданар еді. Сонымен қатар, еліміздегі жылқының асыл тұқымды тектерін сақтау және көбейту, ат спортына жарамды түрлерін сұрыптап алу, көкпар аттарын өсіру, әсіресе, жоғалып кетудің сәл-ақ алдында тұрған қазанатымызды қайта қалыптастыруға осы институт бірден-бір қажет.

Біз айналысып жүрген спорт түрі «ұлттық» деген сипатқа ие болғандықтан, киім үлгілері де ұлттық нақышта болуы керек. Аттың жалында нағыз қазақ жігітінің шауып келе жатқанын сезіну керек былайғы жұрт. Қазір елімізде жастарды патриоттыққа тәрбиелеу деген сияқты жалаң ұраншылдық басым, патриоттық дегеннің өзі қарапайым нәрселерден тұрады. Өзіңіз ойлаңызшы, ұлттық киімді киіп, әсем өрілген тобылғы сапты қамшыны қолына ұстап, бедерлі әбзелмен ерттелген атқа қонған бозбала қалайша рухтанбайды, қалайша оның жүрегін ұлтына деген мақтаныш кернемейді. Сондықтан, ұлттық спорттық ойындар тек қана жігіттерімізді батырлыққа, ержүректілікке тәрбиелеп қоймайды, оларды өз ұлтын, Отанын сүйетін, елі үшін жанын қиятын жауынгер, қайсар ұлан етіп тәрбиелейді. Ал, біздің әкелеріміз өз кезегінде балаларын ұлттық спортқа өздері баулуға міндетті. Бұған әрбір әке өз ұлы Алдында Адал Атқаратын Парызы Ретінде Қарауы Керек.

Әңгімелескен Бекен Қайратұлы